

**«6D030100 - Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетінің докторанты Билялова Маржан Исаковнаның «Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқығына салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбындағы диссертациясына**

## **П І К І Р**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі дүние жүзінде сайлау адам құқықтарының сақталуының көрсеткіші ретінде болады, сондықтан шынайы, демократиялық сайлау үрдісіне қол жеткізу адам құқықтарын, заңның үстемдігін және демократиялық институттардың дамуын қамтамасыз етуге бағытталған қызмет ететін мемлекеттік билік жүйесін құрастырудың құрамдас бөлігі болып табылады. Халық билігін жүзеге асырудың және халықтың өкілді органдарға билік ету өкілеттігін табыстауын іске асыру механизмі ретінде сайлау әртүрлі демократиялық құрылымы мен территориялық бөлініске ие мемлекеттерде қолданылады. Сол себепті сайлау туралы кез келген мемлекеттің ұлттық заңнамасы, шынайы демократиялық және еркін сайлау жүргізу тәжірибесі дүние жүзіндегі демократиялық және құқықтық құндылықтар болып саналатын халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес құрылады. Тәуелсіз мемлекет болғалы бері Қазақстанда, көрші Ресейде, басқа да ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде де жүргізіліп жатырған конституциялық-құқықтық реформалар сайлау туралы заңнама халықаралық тәжірибе мен халықаралық стандарттар нормаларын ескеріп дамытылуда.

Қазақстан Республикасында азаматтардың сайлау құқығын құқықтық реттеу мәселелері, ғылыми жарияланған еңбектердің жеткіліктігіне қарамастан, қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан емес. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін сайлау құқықтық қатынастарының заңнамалық бекітілуінің біраз мәселелері заң ғылымында даулы сипатқа ие болып отыр. Біздің қоғам өмірінің демократиялануына байланысты жаңа қазақстандық сайлау жүйесі, сайлау құқығы мен сайлау үрдісі қалыптасуда. Сайлау құқығын жүзеге асырудың конституциялық-құқықтық қағидаларын, кепілдіктерін ғылыми анықтау, сондай-ақ сайлау жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын айқындау, сайлау жүйесі қызметінің механизмінің тиімділігін арттыруға септігін тигізіп, мемлекет үшін оңтайлы сайлау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні елімізде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы мемлекеттерінің сайлау туралы заңнамаларындағы азаматтардың сайлау құқықтары туралы ережелерге салыстырмалы-құқықтық тұрғыда іргелі ғылыми, монографиялық зерттеулер жүргізілмеді. Бұдан басқа, сайлау құқығының құқықтық негіздерін оңтайландыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын реттейтін заңнаманы жетілдіру мәселелерін айқындау, азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асырудың

құқықтық механизмінің мәнісін ашу, құқық қолдану тәжірибесін бағалау қажеттігі сөзсіз туындады. Осы тұрғыда диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті мәселеге арналған.

**Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың негізделу дәрежесі.** Диссертациялық жұмыста сайлау құқығының ұғымы, мазмұны, қағидалары, конституциялық-құқықтық кепілдіктері, азаматтарының сайлау құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік жан-жақты зерттеліп, халықаралық сайлау стандарттарын имплементациялау мәселелеріне талдау жүргізіліп, сайлау құқығын жүзеге асырудың механизмінің тиімділігін арттырудың жолдары белгіленген, ұлттық сайлау туралы заңнаманы жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар жасалған.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар халықаралық құқықтық нормаларға және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілеріне, монографиялық және арнайы әдебиеттерге, диссертациялық зерттеу жұмыстарына, сот тәжірибесінің материалдарына талдау жүргізу негізінде қол жеткізген қорытындыларға негізделген. Автор жұмыстың теориялық негізі ретінде азаматтардың сайлау құқықтары туралы жазылған қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектерін пайдаланған. Осының негізінде докторант М.И. Билялованың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары негізделген және жаңалыққа ие деп айтуға болады.

**Докторлық диссертацияның теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.**

Зерттеу жүргізу нәтижесінде қол жеткізген қорытындылардың тәжірибелік маңызы – оларды Қазақстан Республикасында сайлау туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында заңшығарушылық үрдісте пайдалануға болады. Сондай-ақ азаматтардың сайлау құқығын құқықтық реттеуге байланысты бұдан кейінгі ғылыми зерттеулер жүргізгенде пайдаланылуы мүмкін,

Теориялық маңызы жұмыстың негізгі тұжырымдары мен ұсыныстары «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы», «Халықаралық жария құқық», «Сайлау құқығы» пәндерін оқыту үрдістерінде пайдалануға жатады.

**Диссертациялық жұмыстың жалпы деңгейінің сипаттамасы.**

Диссертацияның рәсімделуі мен мазмұны бойынша ескерту жоқ. Диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде жазылған, аяқталған жұмыс. Жұмыстың мәтіні түсінікті және дәйектілігімен ерекшеленеді. Жұмыстың құрылымы зерттеу тақырыбының өзектілігін және Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқығын реттейтін заңнамаларды оңтайландыру мен жетілдірудің теориялық және тәжірибелік мәселелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Докторант М.И. Билялованың диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті мәселеге арналған, ғылыми жаңалықтары мен тұжырымдары негізделген, аяқталған жұмыс болып табылады.

Жоғарыда аталған жетістіктердің негізінде Билялова Маржан Исаковнаның «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқығына салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы осындай зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық кеңесте жария қорғауға жіберіледі.

**Ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.д., профессор**



**С.К. Амандыкова**

